

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2021 жылғы 4 қарашадағы
№ ДС-316 хатқа

Құрметті депутаттар!

Электрондық сигареттерге қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймын.

Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) шеңберінде құрамында никотин бар өнім Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 526 шешімімен бекітілген Кеден одағы шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімнің бірыңғай тізбесіне енгізілген (*67-тармақ. Құрамында никотин бар өнімдер. Никотинді жеткізу жүйелеріне арналған, оның ішінде никотинсіз толтырғыштар*).

Қазіргі кезде Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) шұғыл түрде құрамында никотин бар өнімді тиімді реттеу мақсатында құрамында никотин бар өнімге қойылатын міндетті талаптарды (*таңбалау, сәйкестікті бағалау, қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша*) белгілейтін «Құрамында никотин бар өнімге қойылатын талаптар» ұлттық техникалық регламентінің жобасын (бұдан әрі – Жоба) әзірледі. Аталған Жоба қоғамдық талқылаудан өткеннен (*2021 жылғы 5 қазаннан бастап 5 желтоқсанға дейін*) кейін мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жолданатын болады.

Сондай-ақ, бүгінгі күні Одақпен «Құрамында никотин бар өнімге арналған техникалық регламент» техникалық регламентінің жобасы бойынша жұмыс жүргізілуде.

Осыған байланысты құрамында никотин бар өнімге арналған техникалық регламентті қабылданғаннан кейін Қаржы министрлігі талаптарға сәйкес келмейтін бір реттік электрондық сигареттерді әкелуге жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

Жасөспірімдер мен жастар арасында вейптерді тұтынудың таралуы мәселесі «Nur-Otan» партиясының алаңында мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен бірнеше рет талқыланды. (*2021 жылғы 7 қыркүйектегі №003hs, 2021 жылғы 27 қазандағы №004hs хаттамалары*).

Қазіргі таңда Министрлік вейптердің Қазақстандағы айналымына тыйым салу бойынша нормаларды «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске енгізу жұмыстарын жүргізуде.

Министрліктің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті өнімнің қауіпсіздігін мониторингтеу шеңберінде электрондық сигареттерге, оның ішінде никотин мен құрамдас компоненттердің сандық құрамын айқындау бойынша бір реттік вейптерге зерттеулер жүргізуде. Зерттеудің нәтижесі бойынша Министрлік Сіздерге қосымша хабарлайтын болады.

Сонымен қатар Қазақстанда медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарының базасында 166 «Жастар денсаулық орталығы» және 1 «Жастар ресурстық орталығы» жұмыс істейді. Бұл орталықтардың басты қызметтері жасөспірімдерді саламатты өмір салтын ұстануға, оның ішінде темекі шегудің профилактикасына бағытталған.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2021-2025 жылдарға арналған «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы (бұдан әрі – Ұлттық жоба) бекітілді. Ұлттық жобада 13-15 жастағы балалар мен ересектердің арасында темекі өнімдерін тұтыну туралы зерттеу жүргізу, темекі өнімдеріне акцизді кезең-кезеңімен арттыра отырып, темекі өнімдерін тұтынуды қысқарту, жасөспірімдер мен жастардың психикалық және репродуктивтік денсаулығы және т.б. мәселелері бойынша шаралар қарастырылған.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау тұрғысынан әлеуметтік медианы қоса алғанда, ақпараттық алаңға тұрақты негізде мониторинг жүргізілуде. Мониторингпен республикалық және өңірлік баспа бұқаралық ақпарат құралдары, телеарналар, отандық және шетелдік интернет-ресурстар қамтылған. Бұзушылықтар анықталғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдары меншік иелеріне оларды жою туралы ұсыным жолдайды.

Осы жылдың басынан бастап уәкілетті органның ұсынымдары бойынша 200 мыңнан аса құқыққа қарсы, оның ішінде мыңнан аса есірткі құралдарын насихаттауға және таратуға қатысты материалдарды жою шаралары қабылданды.

Аталған бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е.Тоғжанов